«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 31 «А» шағын аудан, № 5 ғимарат. тел./факс:8 (7292) 33-02-24.

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ

Республика Казахстан, Мангистауская область, 130000, г.Актау, 31 «А» микрорайон, здание № 5. тел./факс: 8 (7292) 33-02-24.

N02-07/1648
от 20.06.19

«Банур-1» ЖШС
Шымкент қаласы, Түркістандық 2/2

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі - Департамент) Сіздің 04.06.2019 жылғы № 45626 санды арызыңызға келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі-Қағида) 154 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарлар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы болған жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін нөл бүтін оннан бес (0,5 %) пайыз, бірақ бес пайыздан аспайтын шартты жеңілдік береді. Сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болғаны үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жүзеге асырылады делінген.

Сонымен қатар, Қағиданың конкурстық құжаттамаға 6-қосымшасының Ескерту бөлігіндегі 1 тармағына сәйкес, егер осы конкурста қызметтерді көрсету тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді. Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері болып табылатыны атап көрсетілген.

Алайда, камералдық бақылаудың 4 бағыты бойынша жүргізілген зерделеу барысында Сіздің конкурстық өтініміңіздегі 3 жыл жұмыс тәжирибиесі шартты жеңілдігі дұрыс қолданылмағаны анықталып, арызыңызда келтірілген уәждер өз растауын ішінара тапты.

Осы орайда, мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада көзделген тәртіппен тиісті шара қабылдау үшін мемлекеттік сатып алуды Ұйымдастырушыға камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою үшін хабарлама жіберілді.

Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алуды Ұйымдастырушы хабарламамен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылдағы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау

жүргізу қағидаларының 14-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне қарсылық жіберуге құқылы.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы № 221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12-баптарына сәйкес, өтінішіңізге жауап мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бап 9 тармағына сәйкес, осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Департамент басшысы **С. Қасымов**

орын. А.Досанов
тел: 8/7292/ 33-02-39